

Е.Ш. АҚЫМБЕК

## ОРТАҒАСЫРЛЫҚ АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ ШАРУАШЫЛЫҚ АЙМАҒЫНЫҢ СТРАТИГРАФИЯСЫ

Ерте ортағасырлық кезең қазақ халқының мәдени тарихына үлкен үлес қосқан түрік қағанаттарымен тікелей баланысты екендігі белгілі. Осы үлес жеткілікті дәрежеде толық зерттелмей келеді, дегенмен, кеңес тұсында және кейінгі уақыттарда археологияға біршама көңіл бөлініп, түрік қағанаттарының ірі мәдени жетістіктері туралы біраз құнды мәліметтер алынды. Түрік қағанаттарының ірі мәдени ошақтарды қалыптастырғандығы анықталды. Ежелгі дәстүрлі қалалық өмірді дамыта отырып, ерте ортағасырлық ірі қалалардың қалыптасуына түрткі болғандығы дәлелденді.

Ортағасырлық қалалардың дамуын жазба деректер арқылы ғана зерттеу жеткіліксіз, оның үстіне қаланың тарихи өмірін заттай кескінсіз елестету мүмкін емес. Тек сол қалалардан шыққан заттай жәдігерлердің көмегімен мәселені біршама шешуге болды.

Жүргізілген зерттеулерден қордаланған мәліметтердің негізінде К.М.Байпақов<sup>1</sup> ерте ортағасырлық қалалардың даму шеңберін екіге бөлген: 1) VI – IX ғғ. бірінші жартысы; 2) IX ғ. екінші жартысы – XIII ғ. басы.

Қазақстан территориясындағы қалалардың қарқынды дамып, алып жатқан аумағының кенеюі IX ғ. бастап байқалады. Осы уақытта қалалардың үш бөліктен тұратындығы белгілі бола бастады. IX–XI ғғ. географтары мен тарихшылары араб және парсы тілдерінде жазып кеткендей, қалалардың үш бөліктен: кухендиз–қала, шахристан–медина және рабадтан тұратындығын алғаш рет В.В.Бартольд ашып көрсеткен болатын<sup>2</sup>.

IX ғ. қалалардың дамуында бір серпіліс дәуірі болып, кейбір бекіністі мекендердің орнына ірі орталықтанған (астаналық) қалалар пайда бола бастады. Бекіністі мекен ретінде өмір сүріп келген қалалардың аумағы ұлғайып, бірнеше бөліктен

тұратын, кейде сыртын қорғаныс қабырғалар қоршаған орталықтар қалыптасты. IX–XI ғғ. қалалардың қарқынды дамуымен рабадтағы құрылыстардың өсуі тығыз байланысты болды<sup>3</sup>. Қалалар орталық сыртындағы қолөнер, сауда мен шаруашылықтың дамуы есебінен кенеіп отырды.

Бұл үдеріс Оңтүстік Қазақстан және Жетісу жеріндегі көпшілік қалалардың басынан өтті. Бүгінде біраз қалаларға археологиялық қазбалар жүргізіліп, территориялары анықталып, даму сатылары мен өмір сүрген уақыты туралы мағлұматтар қордаланды. Солардың бірі – Шу өңірінде орналасқан Ақтөбе қаласы. Қала рабадында (шаруашылық аймағында) осы уақытқа дейін бірнеше қазба жұмыстары жүргізілді. Олай болса, қала территориясының кенеюі қай уақыттарға сай келетіндігін анықтау үшін жиналған мәліметтерді саралап көрелік.

Ақтөбе қаласының өмірі негізінен орталық төбенің айналасындағы сыртын ұзын қорғандар қоршап жатқан үлкен аумақта (шаруашылық аймағында) шоғырланған. Осы территорияда құрылыстың құланды қалдықтары үлкенді-кішілі төбе болып жатыр. Кейбір жекелеген төбелер тізбектеліп орналасқан. Олардың арасында жалғасып жатқан үй-жайлар мен жекелеген төрткүлдер де ұшырасады.

Шаруашылық аймағын зерттеу жұмыстары 1954 ж. басталды. П.Н.Кожемяко қаланың батыс жағындағы шағын төбеге бакылау қазбасын салып, табылған заттарға қарап төбені IX–XII ғғ. жатқызған<sup>4</sup>.

1974–1977, 1979 жж. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің Университет археологиялық экспедициясы (У.Х.Шәлекенов) қаланың орталық бөлігіне тартылған су құбыры жүйесіне зерттеулер жүргізіп, едәуір ұзындыққа созылған, X–XII ғғ. жататын орталық су құбырларын ашқан болатын<sup>5</sup>.

<sup>1</sup> Байпақов К.М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья (VI-начала XIII вв.) Алма-Ата: Наука, 1986.

<sup>2</sup> Якубовский А.Ю. Главные вопросы изучения истории развития городов Средней Азии//Труды Таджикского филиала Академии наук СССР. Том XXIX. 1951. С. 4.

<sup>3</sup> Байпақов К.М. Некоторые вопросы изучения средневековых городов юга Казахстана//Известия АН КазССР. Серия общественных наук. 1975. №5. 36-б.

<sup>4</sup> Кожемяко П.Н. Раннесредневековые города и поселения Чуйской долины. –Фрунзе:Типография АН Кирг. ССР, 1959. 77-б.

<sup>5</sup> Шәлекенов У.Х., Оразбаев А.М. Некоторые данные в водопроводной системе средневекового Ақтөбе //История материальной культуры Казахстана.–Алма-Ата, 1980.–24-38 бб.

1977 ж. Жетісу археологиялық экспедициясы орталық бөліктен оңтүстікте жатқан көлемі жағынан үлкен үш тұрғынжайдың екіншісіне қазба жұмыстарын жүргізді. Екі құрылыс қабатынан тұратын тұрғынжайдан шыққан ыдыстарға қарап VII–XII ғғ., ал осы жылы ашылған шарап жасайтын шеберхананы X–XII ғғ. жатқызған<sup>6</sup>.

1979 ж. Ақсу су қоймасының ауданын зерттеу кезінде екі кезенге жататын, XI–XII ғғ. өмір сүрген шарап жасайтын шеберхананың орны<sup>7</sup> және цитадельден 0,7–0,8 км батыста орналасқан төбеге жүргізілген зерттеулерден X–XII ғғ. тұрғын үй бөлмелерінің орны ашылған<sup>8</sup>.

2007 ж. цитадельден оңтүстік-батыстағы, шаруашылық аймағында, қаланы қоршаған жалдардың біріне жақын төбені зерттеу барысында XI–XII ғғ. жататын шарап жасайтын шеберхананың орны анықталды<sup>9</sup>.

Негізінен қала өмірі Ақсу және Қарабалта өзендерінен тартылған арықтар келетін жағында жанданғанға ұқсайды. Себебі төбелер қаланың орталық бөлігінен оңтүстік, оңтүстік-батыста, батыста жиі кездеседі. Қалаға су осы жағынан келгендіктен тұрғын үйлер мен тұрғынжайлар тығыз орналасқан. Жоғарыда аталған зерттеулердің барлығы қаланың осы бөлігінде жүргізілген.

Бүгінде қаланың осы бөлігінде Ақсу мен Қарабалта өзендерінен тартылған ірі арықтардың ізі сақталған<sup>10</sup>. Қаланы ауызсумен қамтамасыз ету жүйесі де осы жағынан келеді.

Қаланың осы жағы Кеңес дәуірінде ауыл шаруашылығын суландыру мақсатында біраз бүліншілікке ұшыраған.

1967–1968 жж. Жамбыл облыстық су шаруашылығы басқармасы Ақсу өзенін бөгеп, қаланың орталығынан Ақсу су қоймасын салу жұмыстарына кіріскен. Қала орталығынан солтүстік-шығыстан оңтүстік-батыс бағытында, негізгі ныса-

надағы цитадельдің солтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс жағына ұзына бойы бөгет салу және рабадынан шығыстан батысқа қарай қашыртқы канал қазу жұмыстарын бастаған. Жұмыс 1969 жылы Жамбыл облыстық, республикалық ескерткіштерді қорғау қоғамы мен Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының араласуымен уақытша токтатылған. Бұл Ақсу су қоймасын салу жұмыстарын 1980 жж. басында Тасөткел массиві жалғастырып, қала цитаделінің оңтүстік-шығысынан солтүстік-шығыстан оңтүстік-батыс бағытында тоған салды. Тоғанның оңтүстік шетінен қашыртқы канал қазылды. Қашыртқы каналды қазу кезінде ұзындығы 4,5 км, ені 50–60 м жердің мәдени қабаты қазылып, көмілді, соның барысында ірі-ірі ондаған құрылыстар, рабадындағы ұзын қорғандар бұзылып кетті<sup>11</sup>.

2007 ж. жыл сайын су шайған құрылыстардан шыққан қыш ыдыстар жинастырылып сараптамадан өткізілді. Нәтижесінде екі кезенге топтастырылған қыш ыдыстар VIII–X, XI–XII ғғ. даталанды<sup>12</sup>.

Дегенмен, жоғарыда көрсетілген зерттеулер арнайы стратиграфиялық жұмыстар болмағандықтан, қала аумағының қай уақытта дамып кеңейгендігі туралы мәліметтер бермейді. Осы мәселені, яғни мәдени қабатын анықтау мақсатында 2008 ж. қашыртқы канал жағасының екі жері тазаланып, стратиграфиялық қимасы сызылды.

Су қоймасына жақын, каналдың оң жағасындағы жарқабақтың оңтүстік-батысқа қараған бетінің 2 м жері 3,8 м (VIII ярус) терендікке (табиғи жерге) дейін тазаланды (1-сурет). Шым қабатының астындағы 0,6 м қалыңдықтағы құмды топырақ канал қазу кезінде жағасына үйілген. Астындағы жұқа қабатты тапталған тапырақ (3–10 см) канал қазылғанға дейінгі жер беті болған. Оның астындағы 3,2 м қалыңдықтан (II–VIII ярустардан) екі құрылыс кезеңінің қалдықтары

<sup>6</sup> Акишев К.А., Байпаков К.М. Работы Семиреченской экспедиции //АО 1977. – М., 1978. С.510-511; Байпаков К.М. Средневековые города Казахстана на Великом Шелковом пути. – Алматы: Ғылым, 1998. С. 149-152.

<sup>7</sup> Елеуов М. Раскопки средневековой мастерской на городище Ақтобе // История материальной культуры Казахстана. – Алма-Ата, 1980. – 57-70-бб.


<sup>8</sup> Алдабергенов Н. Жилища горожан на рабаде городища Ақтобе // История материальной культуры Казахстана. – Алма-Ата, 1980. – 39-48 бб.

<sup>9</sup> Шәлекенов У.Х., Нұржанов А.Ә., Ақымбек Е.Ш. Ортағасырлық Ақтобе (Баласағұн) қаласында 2007 жылы жүргізілген археологиялық зерттеулердің есебі //Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институтының мұрағаты. – Алматы, 2008; Ақымбек Е.Ш., Нұржанов А.Ә. Ортағасырлық Ақтобе қаласындағы шарап шеберханасы // ҚР ҰҒА Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. №1 (268). 2009. – 99-105-бб.

<sup>10</sup> Прошев В.А. Ирригация Ақтобе (Чуйская долина) // Средневековые города южного Казахстана. – Алма-Ата: Изд. КазГУ. – 129-137-бб.

<sup>11</sup> Елеуов М. Ескерусіз қалған ескерткіштер. – Түркістан: Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ баспасы, 2005. – 8-20 бб.

<sup>12</sup> Ақымбек Е.Ш. Ортағасырлық Ақтобе қаласының қыш ыдыстары // ҚР ҰҒА Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. №1 (254), 2008. – 124-128-бб.



1-сурет. Каналдың оң жағасынан алынған мәдени қабаттың қимасы. Сызба.

анықталды. Жоғарғы құрылыс кезеңінің құрылысы сақталмаған. Тек 15см қалыңдықта тапталған едені мен оның үстінде жатқан жұқа күл қабаты ғана байқалады. Еден бетін қалыңдығы 0,35м бос топырақ жапқан. Төменгі 1,6м қалыңдықта сақталған екінші құрылыс қабатының құрылысынан шайынды топырақ және құланды қабырғалар мен еден үстіндегі күл қабаты анық көрінеді. Құланды қабырғалардың арасындағы жұқа қатпарлы сызық (жіктерге) карағанда қабырғаның кезең кезеңімен құлағанын аңғаруға болады. Құланды қабырғалардың арасында пішінін жақсы сақтаған шикі кірпіштер (36x18-20x8-9см) де кездеседі. Бір кірпіштің беті өртке күйген. Тапталған еденінің қалыңдығы 10см. Еден астындағы диаметрі 75см, тереңдігі 60см болатын күл-қоқыс шұңқырынан және жұмыс барысында бүтін құмыра, құты және асханалық ыдыстардың сынықтарымен қоса уақ малдың сүйектері көптеп шықты.

*Шырақ* пішінінде аласа таба тәрізді, диаметрі 13см, биіктігі 2,4см (2-сурет, 1). Осыған ұқсас шырақ 1979 ж. рабадқа жүргізілген қазбадан ашылған X–XII ғғ. жататын тұрғын үй бөлмесінен шыққан<sup>13</sup>.

*Қазан тұтқасы* бітеу жарты ай тәрізді. Басы

және бойы саусақ ұшымен бастырылып бекітілген тұтқасы есілген жіп секілді (2-сурет, 2).

*Құтылар* шарықта жасалынып, бірқалыпты күйдірілген. Ілмек тәрізді бірінің тұтқасының жоғарғы жағы ернеу астына (мойнына), төменгі жағы бүйіріне бекітілген құтының диаметрі 12см ернеуінің асты қатты затпен айнала үш қатар сызылған (2-сурет, 3). Осыған ұқсас құмыралар Шу өңірі ескерткіштерінің X–XII ғғ. қабатынан кездеседі<sup>14</sup>. Тағы бір ілмек тәрізді құты тұтқасының үстіне түйме жапсырылған (2-сурет, 9). Сырты отқа күйген және күймеген құтылардың ернеу астында түйіндері бар (3-сурет, 1-2). Бұл түйіндер ішіндегі ыстық асты келесі ыдысқа құюда іліп қою үшін қызмет атқарғанға ұқсайды. Бірінің ернеуінің асты үш қатар қатты затпен сызылған, екіншісінің ернеуіндегі суағары сыртқа дөңгеленіп шығып тұр. Тұтқалары сынып қалған. Бүтіндеуі бірі ернеуінің диаметрі 10,6 см, табанының диаметрі 8,4 см, биіктігі 16,4 см.

*Қақпақтарды* көлеміне және қолданылуына қарай құтыға, қазан мен тандырға арналған деп бөлуге болады. Құтыға арналған қақпақтардың бірі сопақтау, оның диаметрі 9,2-10,6 см, ортасында ортасы тесік доға тәрізді тұтқасы болған


<sup>13</sup> Алдабергенов Н. Жилища горожан на рабаде городища Актобе // История материальной культуры Казахстана. – Алма-Ата, 1980. – 44-6, 3-сурет, 11.

(2-сурет, 5), екінші қақпақтың диаметрі 12,8 см, жиегіне таман айнала тырнақ ұшы, одан ортасына қарай тағы айнала түтікше бастырылған (2-сурет, 6). Асты күйген қазан қақпағының диаметрі 24,8 см, қалыңдығы 1,2 см. Жиегінің үсті айнала бір бағытта саусақпен бастырылып шыққан (2-сурет, 12). Тандырға арналған қақпақтың диаметрі шамамен 35 см, қалыңдығы 1,6 см. Жиегінің үсті саусақпен бастырылып, беті саусақпен «үтір» үлгісінде бастырылған өрнектер жиегінен ортасына қарай сызылған және қатты затпен түзу сызықтар сызылған. Шарықта жасалған тұтқаларының бірі қазан қақпағының (2-сурет, 7), екіншісі тандыр қақпағының (2-сурет, 8) сынығы. Қақпақтар қаланың X–XII ғғ. қабатынан көп кездеседі<sup>15</sup>.


*Келіге ұқсас ыдыстың* қалың түбі қабырғасынан шығып тұр. Біріккен жері саусақ ұшымен бастырылған. Қабырғасының қалыңдығы 1 см. Түбінің диаметрі 11,6 см (2-сурет, 10). 1979 жылы цитадельден 0,6 км шығыста орналасқан X–XIII

ғғ. басына жататын төрткүлге жүргізілген зерттеу жұмыстарында түбі саусақ ұшымен бастырылып өрнектелген келіге ұқсас ыдыстар жиі ұшырасқан<sup>16</sup>.

*Көзелер* шарықта жасалынып, бірқалыпты күйдірілген. Қабырғасы жұқа сынған көзе ернеуінің диаметрі 17 см (2-сурет, 4). Бүтіндеу кездескен көзенің бүйірі дөңгеленіп шығып иықтанған. Мойны қысқа, тік шығып аяқталған ернеуінің диаметрі 14 см, бүйірінің диаметрі 21,6 см, табанының диаметрі 11,2 см, биіктігі 25 см. Дөңгелек тұтқасының жоғарғы жағы мойнына, төменгі жағы иығына бекітілген. Тұтқасына қарама-қарсы алдында үш ашалы болып бедерленген түйіні бар. Көзенің түбі отқа күйген (3-сурет, 5). Екеуінің де мойны мен иығындағы бірнеше қатар сызықтар айнала қатты затпен сызылған. Қысқа мойны мен бүйіріне бекітілген дөңгелек тұтқалы осыған ұқсас ыдыс Оңтүстік Қазақстан қалаларының IX–XI ғғ. қабатынан шыққан<sup>17</sup>.



2-сурет.



3-сурет. Құты-құмыралар мен көзе

<sup>14</sup> Кожемяко П.Н. Раннесредневековые города и поселения Чуйской долины. — Фрунзе: Типография АН Кирг. ССР, 1959. 57-б. XIV-кесте, 5.

<sup>15</sup> Шәлекенов У.Х. Научный отчет раскопки средневекового городища Актобе в 1978 году // ҚР БҒМ Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты мұрағаты. — Алма-Ата, 1978. 57 б. 20-сурет.

<sup>16</sup> Шәлекенов У.Х. Научный отчет археологической раскопки на средневековом городище Актобе в 1979 году // ҚР БҒМ Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты мұрағаты. — Алма-Ата, 1980. 21 б. 25-сурет, 17; 29-сурет, 12, 13.

<sup>17</sup> Байпаков К.М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья (VI-начала XIII вв.). Алма-Ата: Наука, 1986.—103-б. 32-сурет, 16.

Құмыралар шарықта жасалынып, бірқалыпты күйдірілген. Бірінің пішіні жұмыртқа тәрізді, ернеуінің диаметрі шамамен 8 см, бүйірінің диаметрі 14,4 см, табанының диаметрі 8,6 см, биіктігі 20 см. Ернеуінен биік тұрған ілмек тәрізді тұтқасының жоғарғы жағы ернеу асты мойнына, төменгі жағы бүйіріне бекітілген (3-сурет, 3). Осы пішіндес құмыра Ақтөбе 1 (Қырғызстан) қаласының XI–XII ғғ. қабатынан шыққан<sup>18</sup>. Екінші құмыраның түбінен бірқалыпты кеңіп көтерілген қабырғасы дөңгеленіп иіліп кең иықтанып, мойынданған. Мойны ернеу астында сыртқа сәл кеңіп тік көтеріліп аяқталған. Ернеу жиегінің диаметрі 9 см, бүйірінің диаметрі 19,6 см, табанының диаметрі 12 см, биіктігі 30,4 см. Ілмек тәрізді тұтқасының жоғарғы жағы ернеу асты мойнына, төменгі жағы бүйіріне бекітілген. Ернеу асты мен иығындағы сызықтар қатты затпен сызылған (3-сурет, 4). Аузы мен иығы кең пішіні осындай, бірақ бұған қарағанда бүйірі шығыңқы құмыра Ханабад қаласына салынған кесіктің X ғ. бірінші жартысындағы қабатынан шыққан<sup>19</sup>.

Тұғыр тұтқасы жасалынуы мен пішініне қарағанда құстың басына (үкі) ұқсайды. Көздері саусақпен, ал мұрны мен ауыз тұсы жіңішке затпен бастырылған. Тұтқа жоғарыдан төмен сызықтармен тарамдалған. Көлемі 8x5,6 см, қалыңдығы 4,5 см (4-сурет). 1977–1979 жж. цитадельдің қорғаныс қабырғасына жүргізілген қазбаның VIII ғ. аяғындағы құрылысынан осыған ұқсас мүсіннің сынығы шыққан<sup>20</sup>.

Сырлы табақтың сақина тәрізді түбінің диаметрі 9,6 см. Ақ ангобпен көмкерілген ыдыстың ішкі жағы ашық көк түсте боялып, кара, коңыр, коңыр қошқыл түстерде өрнектер салынған. Негізінен табақ жиегіне таман қарахандар дәуірінде жиі кездесетін тамшы түріндегі өрнек салынған. Кейбір өрнектері 1985 ж. цитадельдің оңтүстік-батыс қорғаныс қабырғасына жүргізілген қазбаның X–XII ғғ. жататын қабатынан шыққан сырлы табақтардың өрнектелуіне ұқсас<sup>21</sup>. Өрнектері өте ұқсас табақ Шардаралық Ақтөбе 1 қаласының жоғарғы қабатынан табылған<sup>22</sup>.

Каналдың сол жағасындағы жарқабақтың солтүстікке қараған бетінің 2 м бөлігі 3,1 м (VI ярус) тереңдікте тазаланды (5-сурет). Қаланың осы жағынан цитадельге қарай құбыр жүйесі өтеді. Шым қабатының астындағы 3 м қалыңдықтағы мәдени қабаттан үш құрылыс кезеңінің қалдықтары анықталды. 1,3 м қалыңдықтағы бос топырақтың астынан жоғарғы құрылыс қабатының уақытша тұрақтаған өмірден қалған құланды қабырға, шайынды қабырға қалдықтары мен күл қабаты (III ярустан) байқалды. Күл тапталған едені өте жұқа. Еден астындағы 0,7 м қалыңдықта сақталған екінші құрылыс қабатының едені де жұқа (IV–V ярустар). Құрылыс қабатындағы қаланды қабырға мен одан құлаған қабырға үстін қалың күл жапқан. Шикі кірпіштен қаланған қабырға 0,5 м биіктікте сақталған. Екінші құрылыс қабатының еденінің астында диаметрі 1,35 м, тереңдігі 1,3 м күл-коқыс шұңқыры және 0,6 м қалыңдықтағы үшінші құрылыс қабатының (V-



4-сурет. Қазан тұғырының тұтқасы


<sup>18</sup> Бубнова М.А. Средневековое поселение Актөбе 1 у села Орловки // Археологические памятники Таласской долины. - Фрунзе: Изд-во АН Кирг ССР, 1963. - Б. 125-144, 13-сурет, 63.

<sup>19</sup> Брусенко Л.Г. Глазурованная керамика Чача IX–XII веков. - Ташкент: ФАН, 1986. 4-кесте, 8.

<sup>20</sup> Шалекенов У.Х. Археологические раскопки на средневековом городище Актөбе в 1979 году // ҚР БҒМ Ә.Х.Марғұлан атындағы АИ мұрағаты. 1980. - 7-б. 8-сурет, 1.

<sup>21</sup> Шалекенов У.Х. Археологическое исследование Чуйской долины и Восточного Казахстана. (1986) // ҚР БҒМ Ә.Х.Марғұлан атындағы АИ мұрағаты. 1987. - 18-б. 16-сурет, 5-7.

<sup>22</sup> Максимова А.Г., Мерциев М.С., Вайнберг Б.И., Левина Л.М. Древности Чардары. - Алма-Ата: Наука, 1968. - 137-б. 16-сурет, 3.



5-сурет. Каналдың сол жағасынан алынған мәдени қабат қимасы. Сызба


VI ярустар) қалдықтары жатыр. Екінші құрылыс қабатының қабырғасы астындағы шикі кірпіштен тұрғызылған үшінші құрылыс қабатының сақталған қабырғасының биіктігі 0,7 м. Құл аралас топырақ тапталған еденінің үстін қалың құланды қабырға жапқан. 0,5 см қалыңдықтағы еденнің астында да құланды қабырға жатыр. Оның едені, басқа да құрылыс белгілері сақталмаған. Үшінші құрылыстың іргесі осы қабаттан басталғанға ұқсайды. Себебі қабырғасының іргесі осы құланды қабырғаға жалғасқан. Бір кезде тегістеп қайта тұрғызылған болу керек. Шыққан заттар негізінен әртүрлі көлемдегі қазан және құм қақпақтарын құрайды.

Саптыаяқ пішінінде кесеге ұқсайды. Шарықта жасалынып, жақсы күйдірілген. Ернеуінің диаметрі 14 см, түбінің диаметрі 6,2 см, биіктігі

5,4 см. Тұтқасы сынып қалған (6-сурет, 1). Осындай пішінде жасалған саптыаяқтар Ақтөбе 1 қаласының XI—XII ғғ. қабатынан көп кездескен<sup>23</sup>. Келесі бір қабырғасы тік шыққан саптыаяқ тұтқасының жоғарғы жағы ернеу астына, төменгі жағы түп жағына бекітілген (6-сурет, 2).


Қазан тұтқасы пішінінде бітеу жарты ай секілді. Тұтқа қалыңдығы 0,8 см болатын қабырғасына бекітілген (6-сурет, 3).

Қақпақтар қазанға, тандырға, құмға арналған. Қазанға арналған қақпақтардың диаметрлері 21 см, қалыңдығы 1,4-1,6 см. Қолдан жасалынып, бірқалыпты күйдірілген. Жиегі саусақпен бастырылып нақышталған бірінің беті саусақпен сызылған. Ұзынша келген тұтқасының ортасы саусақпен қысылып ұстауға ыңғайланған (7-сурет,



6-сурет

<sup>23</sup> Бубнова М.А. Средневековое поселение Актөбе 1 у села Орловки //Археологические памятники Таласской долины.-Фрунзе: Изд-во АН Кирг ССР, 1963. —Б. 125-144, 13-сурет, 86-87,91.



7-сурет. Қақпақтар

2). Екіншісінің бетінде қатты үшкір затпен сызылған бұтақша секілді сызықтары бар (7-сурет, 1). Қақпақ тұтқасы өте аласа цилиндр тәрізді, қолдан жасалынып, бірқалыпты күйдірілген (6-сурет, 4). Тандырға арналған қақпақтардың диаметрлері 39-42 см, қалыңдықтары 1,8-2 см. Бірінің жиек үсті саусақпен бастырылып, беті тырнақ ұшымен жиегі мен ортасына таман бірнеше қатар айнала басылып түсірілген. Саусақ ұшы және қатты затпен түсірілген сызықтар сызылған (7-сурет, 3). Екіншісінің беті жіңішке шеңберлермен толтырылған (7-сурет, 4). Құмға арналған қақпақтардың диаметрлері 40 см, қалыңдығы 1,8-2,2 см. Бірінің жиек үсті ғана саусақпен бастырылыса (7-сурет, 5), екіншісінің жиек үсті саусақпен бастырылып, беті айнала жиі қатты затпен толқындалатыла сызылған екі қатар сызықтармен, екеуінің арасы әр жерінен осындай толқынды сызықтармен жалғастырылған. Ортасындағы цилиндр тәрізді тұтқасының үсті саусақ ұшымен ортасынан тереңдетіліп бастырылған.

Үлкен аумақты алып жатқан шаруашылық аймағынан өтетін қашыртқы каналдың жағасы-

нан алынған стратиграфиялық киманың қорытындысы жоғарғы (бірінші) құрылыс қабаты XI–XII ғғ., ал екінші және үшінші құрылыс қабатының IX–X ғғ. жататындығын көрсетті. Олай болса, Ақтөбе қаласы басқа қалалар сияқты IX–X ғғ. аумағы кеңейіп, X–XII ғғ. шаруашылық аймағының өмірі жанданып, қала тұрғындарының басым көпшілігі және базарлар, шеберханалар, керуен-сарайлар, қоғамдық ғимараттар осында шоғырланғанға ұқсайды.

#### Резюме

Рассматривается история исследования сельского округа городище Актобе и стратиграфический разрез двух берегов канала. В том числе, расширение и развитие сельского округа IX–XII вв.

#### Summary

The history of research of rural district of the Medieval site of Aktobe and stratigraphical section of two edges of the irrigational channel is examined in the article. One of the main parts of this research is expansion and development of rural district of the city in IX–XII centuries.